

ТАЛ ЕГУ – ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ




4

АНА ҚУАНЫШЫ



5

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! «МЕН – ЕМБІЛІКПІН»  
БАЙҚАУЫН ЖАРИЯЛАЙМЫЗ!



7



# Embi ТЫНЫСЫ

№5 (89)  
СӘУІР  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



Мамыр  
Қазақстан халқының бірлігі күні  
Мая  
День единства народа Казахстана

## Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймыз!

Бұл мейрам – көп ұлтты қазақ елі үшін бейбітшілік пен келісімнің көрінісі. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады.

Бүгінде біздің мемлекетте этникалық тұрмыстың, олардың мәдениет, тіл, дәстүрлерінің дамуына барлық жағдай жасалған. Тәуелсіз қазақ мемлекеті бүгінгі таңда әлем елдерінің арасында қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтаудың белгісі ретінде бағаланады.

Бірнеше ұлт өкілдері еңбек етіп жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның да бұл табыста қомақты үлесі бар. Біздің компанияда қалыптасқан басымдықтың бірі – ұжымдағы ұлттардың тұтастығы мен достығы, соның арқасында бүгінде компаниямыз өркендеп, ілгері басып келеді.

Бүгінгі тамаша мерекеде сіздерге және туған-туыстарыңызға мықты денсаулық, отбасылық татулық, ашық аспан тілейміз.

Береке - бірлігіміз арта берсін!

Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## Уважаемые коллеги!

Поздравляем вас с Днем единства народа Казахстана!

Этот праздник стал замечательной традицией нашего многонационального народа, символом мира и согласия. Все успехи и достижения независимого Казахстана - это, прежде всего, результат великой и нерушимой дружбы всех казахстанцев, независимо от их национальной и религиозной принадлежности. Сегодня в нашей республике созданы все необходимые условия для развития этнической самобытности, культуры, языка, традиций. Наше государство стало образцом толерантности и единства, которые сегодня мы успешно демонстрируем всему мировому сообществу. В этом есть вклад и АО «Эмбаунайгаз», где рука об руку во взаимопонимании и сплоченности трудятся представители разных национальностей. Уважение друг к другу и понимание являются одними из значимых компонентов развития нашей компании, достижения обозначенных целей.

В этот светлый праздник, ставший символом мира и дружбы, мы желаем вам и вашим близким благополучия, крепкого здоровья и чистого неба над головой!

С уважением, руководство АО «Эмбаунайгаз»



**Тағайындау**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және ҚР Үкіметінің келісімі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Мағзұм Мырзағалиев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

**МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВ  
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ  
БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ**



Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев 1978 жылы 7 қарашада туған. 1999 жылы «Тұран» университетін «Халықаралық экономист» мамандығы бойынша, 2003 жылы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын «Халықаралық экономист» мамандығы бойынша, сондай-ақ, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша бітірген. АҚШ-та және Малайзияда тағылымдамадан өткен.

2001 - 2004 жылдары Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында MI Drilling Fluids International (Schlumberger) компаниясының бұрғылау ерітінділері бойынша инженері.

2004 - 2007 жылдары «MI Drilling Fluids International» компаниясының Ақтау қаласындағы филиалында бизнесті дамыту бойынша менеджер, өндіріс бойынша менеджер, филиал басшысы.

2007-2010 жылдары «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Теңіз Сервис» ЖШС Бас директоры.

2010-2012 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры.

2012-2013 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары.

2013-2014 жылдары – ҚР Мұнай және газ вице-министрі.

2014-2019 жылдары – ҚР Энергетика вице-министрі.

2019-2021 жылдары – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі.

2021-2022 жылдары – ҚР Энергетика министрі.

2022 жылғы қаңтардан бастап ҚР Президентінің кеңесшісі лауазымына тағайындалды.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

**Бас компания жаңалықтары**

**ПРЕЗИДЕНТ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА  
ТӨРАҒАСЫ МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВТІ ҚАБЫЛДАДЫ**



Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық компанияның қазіргі жұмыстары мен қаржылық жағдайы және алдағы кезеңдегі даму перспективалары туралы есеп берілді.

Кездесу барысында Каспий құбыр желісі консорциумына қатысты ахуалға ерекше назар аударылды. Президентке айлақтың жылжымалы құрылғылар жүйесін жөндеу жұмыстарының жуырда аяқталатыны жөнінде баяндалды. Бұл Қазақстан мұнайын Каспий құбыр желісі консорциумы

арқылы тасымалдаудың бұрынғы көлемін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау облысындағы полипропилен шығаратын кешен құрылысының барысы туралы мәлімет берілді. Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, аталған зауыт жуық арада іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бұл мұнай-газ химиясының өнімі бойынша Қазақстанның нетто-экспортерге айналуына мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы еліміздің мұнай-газ химиясы саласын дамытудың аса маңызды екенін айтты.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

**Обучение**

**РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ**

Группа специалистов АО «Эмба-мұнайгаз» прошла обучение по программе «Инженер по разработке», запущенной при поддержке департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КазМұнайГаз». В обучении, проходившем в Атырау, в период с 26 июля 2021 года по 1 апреля 2022 года, кроме работников нашей компании, участвовали представители КазМұнайГаза (КМГ), Казахойл-Актобе, Казахтуркмуна и КМГ-Инжиниринга (КМГИ).

Необходимо отметить, что данная программа была разработана под потребности ДЗО КМГ в целях подготовки специалистов по разработке месторождений и управлению резервуаром. Еще одной из задач этого проекта стало формирование уникальной площадки для обсуждения, обмена опытом и знаниями ведущих специалистов дочерних компаний.

Программа состояла из 6 модулей, в ходе которых нефтяники не только проходили курсы обучения, но и работали над проектами, распределившись на команды. Каждой команде был назначен куратор из числа экспертов КМГИ. Отдельно стоит сказать о преподавательском составе, который был представлен ведущими экспертами российских нефтяных компаний, таких как Татнефть, Роснефть, ТомскНИПИнефть, Башнефть, казахстанскими бизнес-тренерами, а также внутренними тренерами КМГИ.



- На протяжении шести модулей мы развивали свои профессиональные компетенции в области геологии, разработки, добычи, бурения и обустройства месторождений, а также нефтегазовой экономики. Одновременно, была предоставлена возможность «прокачивать» свои личностно-деловые компетенции, - рассказывает инженер-технолог департамента оперативного управления производством АО «Эмба-мұнайгаз» Артур Дингалиев. - Одним словом, это было очень продуктивное обучение. Собравшиеся специалисты представляли разные направления деятельности и обмен опытом получился эффективным.

Как уже было сказано выше, помимо обучения, участники программы «Инженер по разработке», разделившись на 5 групп, выполняли

проектные работы по поиску альтернативных решений текущих задач ДЗО. Группа №5, в составе которой находился А.Дингалиев реализовала проект на тему «Технико-экономическая эффективность отключения высоко-обводненных скважин».

1 апреля текущего года состоялась защита проектов, по результатам которой группам были присуждены следующие номинации:

**Команда «Brain Storm» - «Лучший экономический эффект»;**

**Команда «Баррель» - «Лучшее инновационное решение»;**


**Команда «Жастар» - «Лучший проект по разработке»;**

**Команда «Степные волки» - «Лучшее инновационное решение»;**

**Команда «Юнайтед» - «Лучший технологический эффект».**







**EmbiMunayGas**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**Қазақстан Республикасы  
Геологтар күні кәсіби  
мерекесіне орай  
«EmbiMunayGas» АҚ бас  
кеңсесінде салтанатты  
шара өтті.**

Кеш барысында компания басшылығы еліміздің геология саласындағы ауқымды жұмыстардың нәтижесінде көптеген жаңа мұнай кеніштері ашылғандығын, бұл табыста жер қыртысын жан-жақты зерттеп, қыр-сырына терең үңілген геологтардың үлесі мол екендігін атап өтіп, кәсіби мереке иелерін құттықтады.

- Геология – қызығы мен қиындығы мол, күрделі мамандықтың бірі. Жеті қат жер астын зерттеп, оны шығару аса кәсібилік пен жауапкершілікті талап етеді. Өздеріңіздің кәсіби біліктеріңіздің арқасында еліміздің дамуына үлке ықпал еттіңіздер. Сондықтан, елімізде, сонымен қатар, өзге мемлекеттерде геологтардың өз дербес кәсіби мерекесінің аталып өтуі өте орынды. Қарашаңырақ Emбіде де атақты геологтар еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа мұра ретінде көптеген кен орындарын ашып, әрі қарай дамытуға жол салып берді. Соның арқасында «EmbiMunayGas» Қазақстанның экономикасында өте жоғарғы орны бар компания саналып келеді.

Геология мамандығының қазіргі заманда жоғары сатыға көтерілгенін бүгінгі буын мамандарының арқасы деп ойлаймын. Технология өзгерді, жаңа бағдарламалар қабылданды. Біздің бүгінгі мақсатымыз – жаңа кен орындарын ашумен қатар, байырғы кеніштердің «өмір жасын» ұзарту. Оған толық мүмкіндік бар, - деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН**.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының геология және игеру жөніндегі орынбасары Балмаш ЖАҚСЫБАЕВА ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі атынан «Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісімен, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы геология және кен орындарын игеру бөлімінің бастығы Шынболат ОҢҒАРСЫНОВ пен ЕМГ геологиялық барлау жұмыстары қызмет жетекшісінің орынбасары Сағида ДЖУМАҒАЛИЕВА «Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісімен, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының геологы Майра САБИРОВА мен ЕМГ геологиялық барлау жұмыстары қызметінің аға геологы Сәуле САПАРОВА аталған министрліктің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар, мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі, кәсіби қызметте жеткен жетістіктері үшін ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының геологы Дамир МЫҢБАЕВҚА табысталды.

«ҚазмұнайГаз» Ұлттық компаниясының Құрмет грамотасы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының геологы Әдемі ҚАЛИМОВАҒА, ЕМГ геология және кен орындарын игеру департаментінің геофизигі Нұргүл САРҒҰНАНОВАҒА, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының геологы Жалғас ҚАЗЖАНОВҚА берілді.

Еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі мен кәсіби шеберлігі үшін ЕМГ Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен бір топ сала мамандары марапатталды.

Кәсіби мереке иелерін «EmbiMunayGas» АҚ басшылығы марапаттады.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

# МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ





Көгалдандыру

# ТАЛ ЕГУ – ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ



Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу – сауапты іс. Өйткені, жерге шаншылған әрбір тал күтімі жақсы болса, күні ертең жапырағы жайқалған терекке айналып, жазда сая, қыста қамсау болады. Экологияны жақсартып, өлкенің микроклиматын қалыптастыруға әсер ететіні белгілі. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналық сөздің өзі адамға байлықтан гөрі жасыл желектің орасан пайдасы барын айшықтап тұрғандай. Бұны жете түсінген ембілік мұнайшылар бүгінде тал отырғызу жұмыстарын белсенді бастап кетті. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері тазалық акцияларын өткізіп, көгалдандыру жұмыстарына қатысты. Жалпы алғанда, ембілік мұнайшылар өңірді көркейту мақсатында 3000-ға жуық тал екті.

## Тағылымды шара

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қызметкерлері Жылыой ауданы бойынша жарияланған сенбілік жұмыстарына белсенді қатысып, басқарма айналасында, жатақханаларда көгалдандыру, абаттандыру, тал егу жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, кеңсе алдына жылыойлық мұнайшылар өз еркімен шырша тұқымдас талдар екті. Жалпы, басқарма бойынша 500-дей тал егілді.

- «Көп түкірсе, көл болады» деген. Егілген талдар көктеп, жайқалып шығып кетсе, экологиямызға, ауамыздың тазаруына пайдасы мол болары сөзсіз. Өзіміз еңбек етіп, күніміздің көп уақыты осы жұмыс орнында өтетіндіктен, артымызда із қалдырып, айналамызды абаттандырып, көгалдандырып, қоршаған ортаны қорғауға, қаламызды жасыл-

желекке бөлеуге өз үлесімізді қосу – қоғам алдындағы міндетіміз деп есептейміз, - дейді «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Сырымбек Сәрсембаев.

## Мұнайшылар саябағына – 200 көшет

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ұжымы Аққыстау ауылында көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, тал егу акциясына белсенді қатысты. Исатай аудандық әкімдігі тарапынан бөлінген арнайы аумаққа жайықтық мұнайшылар барлығы 210 түп шаған көшеттерін отырғызды. Болашақта бұл жер Мұнайшылар саябағы деп аталмақ. Белгіленген аумақты қоршау жұмыстары алдынала жүргізіліп, суару жүйесі тартылған.

Мұнайшылардың айтуынша, қоғамды қоршаған ортаны қорғауға баулып, жастардың экологиялық білімі мен тәрбиесін арттыруда мұндай шаралардың маңызы зор.

- Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесімізді тигізу үшін сенбіліктер өткізіп, ауламыздың, қаламыздың, ауылымыздың аумағын тазартып, абаттандырып, жасыл желектер отырғызып, шырайын әрлендіре түсуіміз керек. Тұрғылықты жеріміздің тал-терегін жайқалтып, гүлмен көмкерілген баққа айналдырып, ауылымыздың ажарлы болуына үлес қосу – бәріміздің азаматтық парызымыз. Компания қызметкерлері көгалдандыру жұмыстарына өз еріктерімен қатысуда. Бұл ретте, жергілікті климаттың қолайсыздығын да ескерген жөн. Демек, өзге өңірлермен салыстырғанда, біздегі жасыл желекке екі есе артық күтім керек деген сөз. Мұның бәрі де ел болашағы үшін қажет. Біз өзімізден кейінгі ұрпаққа табиғатты таза күйінде аманаттап қалдыруымыз қажет, - дейді «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Әділбек Зайдуллин.

## «Мекенім - жасыл орным»

Қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын өлкені көгалдандыру, тазалау мақсатындағы шараларға досорлықтар дәстүрлі түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар, тарихи жерлерді тазалық жұмыстарын жүргізуді назардан тыс қалдырған емес.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы Доссор кентінде көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, «Мекенім - жасыл орным» акциясы аясында Доссор кенті әкімдігі тарапынан бөлінген арнайы аумаққа барлығы 200 түп жасыл желек отырғызды.

## Өндірісті гүлдендіру – заман талабы

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Жамансор базасын көгалдандырып, көркейту мақсатында бас кеңсе, жатақхана, асхана айналасына қайнарлық мұнайшылар да 50 тал екті. Сонымен қатар, тазалық, әктеу жұмыстарын жүргізді.

Басқарма қызметкерлері алдағы уақытта өндірістік басқарма аумағын көгалдандыру, гүлдендіру жұмыстарын жалғастыру мақсатында сенбіліктер жалғастынын айтады.

## 2000 тал – бір орман

«Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының қызметкерлері мен компанияға қарасты «Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ұжымдары да көгалдандыру сенбілігіне қатысты. Атырау қаласының іргесіндегі Қайыршақты селолық округіне қарасты Талғайран жерінің 2 га жеріне 2000-ға жуық көшет отырғызды.

Айта кету керек, талдарды суланды тамшылатып суару әдісі арқылы жүзеге асады. Ембіліктердің мұнайлы өңірде көгалдандыру мақсатындағы сенбіліктері алдағы уақытта да жалғасады.



Рахым айы

# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫ 600 АДАМҒА АУЫЗАШАР БЕРДІ



Қасиетті Рамазан айының құрметіне, «Ембімұнайгаз» компаниясы Атырау облыстық орталық «Иманғали» мешітінде ауызашар 600 адамға ауызашар берілді. Ауызашар дастарханы мешіт ауласында құрылған киіз үйлерде жайылды.

Орталық «Иманғали» мешітінің баспасөз-қызметі хабарлағандай, ауызашар барысында мешіт ұстаздары қоғамдық тұрақтылық, ынтымақ, бірлік тақырыптарында уағыз айтып, жұртшылық тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Ауызашар рәсімін «Ембімұнайгаз» компаниясының орталық аппарат қызметкерлерінің ерікті түрде жалақысын аудару есебінен ұйымдастырып отырғанын атап өткеніміз жөн.

Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім ораза айында аузы берік жанға ауызашар берсе, ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Аузы берік адамның сауабынан да еш кемімейді» деген. «Он бір айым – бір төбе, бұл бір айым – бір төбе» деп дегендей, ізгілік айында Компанияның үндеуіне қосылып, сауапты іске атсалысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз. Бұл ұжымдағы татулық пен бірліктің көрінісі екендігін аңғартады.

Қайырымдылық

## АНА ҚУАНЫШЫ

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы қасиетті Рамазан айында Құлсары қаласының тұрғыны, көп балалы, жалғызілікті ана Нұргүл Ғабдоловаға баспананың кілтін табыстады.



Нұргүл Ғабдолова жолдасы қайтыс болған жыл жарым уақыттан бері бес баланы жалғыз өзі тәрбиелеп келеді. Оның үшеуі – мектеп оқушысы, біреуі – мектеп жасына дейінгі, ал, ең кішісі бір жарым жаста. Үлкен қызы туберкулезге қарсы диспансерлік есепте тұр.



Көп балалы отбасы осы уақытқа дейін жалдамалы баспанада тұрып келген екен. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы қасиетті Рамазан айында әлеуметтік жағынан аз қамтылған жалғызілікті адамдарға, көп балалы жанұяларға көмек көрсету бастамасын қолға алды. Нақтыласақ, басқармаға қарасты Терең-Өзек кен алаңының мұнайшылары ұжым басшысы Ғибатолла Шанаевтың атына ұсыныспен шығып, мұқтаж жандарға мейірім көрсетсек деген бастама көтереді. Басқарма басшысы мұнайшылардың ұсынысын қолдап, өзге барша ұжымға Үндеу жариялаған. Нәтижесінде, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы толықтай үндеуді қолдап, ерікті түрде жалақыларының есебінен қаражат жинауға шешім қабылдады. Қомақты қаражат көзі де жиналды. Жиналған қаражатқа көп балалы ана Нұргүл Ғабдолованың отбасына екі бөлмелі пәтер сатып алынды. Баспананың кілті салтанатты түрде табысталып, шараға әр цехтың ұжымынан делегация және компания басшылығы қатысты. Салтанатты жиында мұнайшылар алдында сөз алған Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова компания бойынша жолға қойылған игі шара туралы айтып өтті.


- «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы аз қамтылған отбасыларына, әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға, қарттарға үнемі қолдау көрсетіп келеді. 2021 жылы мұнайшылардың ерікті түрде жинаған ақшаларына Доссор поселкесінде 3 үй, Құлсары қаласында 1

пәтер сатып алынған болатын. Биылғы жылы Наурыз мерекесі қарсаңында жылыойлық мұнайшылардың ерікті түрде қолға алған демеушілік көмектерінің арқасында Құлсары қаласындағы мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер арасында шығармашылық шара ұйымдастырылды. Міне, бүгін игілікті іс - қайырымдылық шарасының жалғасып отырғаны қуанышты. Рамазан айында Құлсары қаласында тағы бір отбасы қолына пәтер кілтін алып отыр. Үнемі қиналған жандарға көмек қолын соза білетін «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымына, басшылығына компания басшылығы атынан алғыс айтамын», - деді **Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.**

Кілт тапсыру рәсімінде «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Ғибатолла ШАНАЕВ, басқарма кәсіподақ комитетінің төрағасы Қазі БИСЕНОВ, Прорва мұнай-газ өндіру цехы басшысының орынбасары Мұхамбет ҚАНАЕВ, Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының басшысы Қанат НҰРМАШЕВ, басқарма ардагерлер кеңесінің төрайымы Мұстахима ИСАИНОВА жылыойлықтардың игілікті істеріне алғыс айтып, қоныс той иелерін жаңа мекенжайларымен құттықтады.

Айта кету керек, жылыойлық мұнайшылардың көмегі тек баспана сатып алумен шектелмеді. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы енді Н.Ғабдолованың отбасы тұратын үйдің дәлізіне жөндеу жасап, қоныс той иесіне кілем, ыдыс-аяқ сыйға тарту етті.





# ВТОРОЕ РОЖДЕНИЕ МАКАТА

**В одном из прошлых номеров газеты «Ембі тынысы» мы писали о форсировании нефтедобычи в Урало-Эмбинском районе в 20-ых годах прошлого столетия. В этом материале мы расскажем о том, как после гражданской войны восстанавливалась добыча черного золота в Макате, и какие новейшие методы применялись в геологоразведочных работах.**

С национализацией нефтяной промышленности и организацией в 1920 году Управления нефтяной промышленности Урало-Эмбинской области, преобразованного затем в трест «Эмбанефть», начинается наиболее интенсивное и достаточное эффективное, как по объему, так и по основным результатам, геологическое изучение края. Началом его был 1923 год, когда Геологический комитет, а затем и Нефтяной геологоразведочный институт начали изучать эмбинские нефтяные месторождения. Наряду с усилением разведочного бурения, были форсированы полевые геологоразведочные и геофизические исследования, которые не только позволили получить природу эмбинских нефтяных месторождений и подойти к наиболее рациональному методу их поисков и разведок, но также значительно расширили границы нефтеносной области и увеличили число известных нефтяных месторождений. В 1925-1926 годах была выявлена промышленная ценность Северного и Южного Маката. (Получен отрицательный результат на Западном Макате).

В первые годы в геологокартировочных работах превалировало ручное бурение со средними глубинами скважин 10-20м, но постепенно на смену ему пришло механическое крейсерское бурение со средней глубиной скважин до 200-300 м. Это мероприятие резко улучшило изучение отдельных месторождений и обеспечило более обоснованный выбор участков для разведки глубоким бурением. Широкий размах получило глубокое разведочное бурение, начатое еще частными фирмами.

С 1925 года началась планомерная разработка промысла, когда было широко развернуто эксплуатационное и оконтуривающее бурение на верхнеюрские горизонты, а также разведочное бурение на низы юрской свиты, которым

окончательно установлено наличие двух новых промышленных горизонтов в низах юры.

10 октября 1925 года является особым днем для промысла Макат. В этот день, после долгого перерыва, возобновилась работа промысла. Началась добыча. Почти одновременно начали работать 15 скважин, ждавшие своего часа. Произошло второе рождение Маката! В этом же году получили сырьем на 1325 тонн больше, чем за первые два года работы промысла (1915-1916гг.). В том же году трестом «Эмбанефть» было начато разведочное бурение Южного Маката, давшее 3 мая 1926 года мощный газовый фонтан с глубины 213 м из пермотриасовых отложений (в 1913-1915 гг. здесь была пробурена и заложена разведочная скважина №1/198 общества «Колхида»).

С пуском промысла Макат была решена задача восстановления всей нефтяной Эмбы. Теперь промыслы Доссор и Макат уже стали опорными пунктами для дальнейшего освоения Урало-Эмбинского нефтяного района.

В 1926 году геологом «Эмбанефти» В.П.Скворцовым составлена геологическая карта месторождения Макат, им была произведена дополнительная картировка горизонта, в результате которой геологическая карта была несколько изменена. Геологический разрез месторождения Макат и схематическую структурную карту составил Я.Л.Давидович. (Разведочное бурение до 1930 года основывалось исключительно на данных картировки).

Большую роль сыграло внедрение в 1926 году современной техники – глубинных насосов и компрессоров. На смену отсталому ударному способу бурения, с 1927 года начинает внедряться глубокое вращательное бурение, что способствовало развитию буровых работ, росту глубины скважин, темпа вскрытия и разведки нефтяных залежей.

**Вращательное бурение было применено впервые в Советском Союзе на Эмбе, а именно на скважине №15 месторождения Макат.**

Такой метод бурения в дальнейшем нашел применение и на других скважинах, давая большие прибыли. В результате этого, средняя глубина скважин с 196,7 м в 1929 году возросла до 637,7 м в 1932 году.

Если за весь дореволюционный период 1892-1917 гг. на Эмбе было пробурено 38 тыс.м. разведочных скважин, за 5 лет восстановления народного хозяйства (1924-1928гг.) – около 18 тыс.м, то за 1929-1934 гг. пробурено 163 тыс.м. Соответственно возрос и объем геолого-геофизических работ. Только за 1930-1935 годы Эмбинским районом занимались 135 геологических и геофизических партий. Основной объем (28 595м) в эти годы был использован на разбуривании и доразведке Доссора и Маката. Только в 1928-1929 годах на Макате было пробурено и введено в эксплуатацию более 70 скважин. В 1931 году на Макате с успехом начинает применяться электрический каротаж для корреляции скважин. В 1933 году добыча составляла 97 тысяч тонн. В эти годы Макат считался самым перспективным месторождением на Эмбе. Если в первой пятилетке уровень добычи нефти достиг 480 тыс.тонн, то во второй пятилетке он уже составил 501,1 тыс.тонн.

**Нефтяники Эмбы первыми в СССР и Европе освоили на Доссоре и Макате сверхглубокое бурение того времени, до 2500-2800м.**

*Использованы архивные данные и данные из книги «100 лет месторождению Макат. Зарождение и становление нефтяной промышленности Казахстана»*



# БАЙҚАУ! КОНКУРС! 7

**БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ**  
«Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастыру бөлімі

**ОРГАНИЗАТОР КОНКУРСА**  
Организационный отдел АО  
«Эмбаунагаз».



#### БАЙҚАУ МАҚСАТЫ

Өндірістік процестерді жақсарту, шығындарды оңтайландыру, өндірістік қауіпсіздікті арттыру, үнемді өндіріс элементтерін енгізу, ішкі корпоративтік коммуникацияларды дамыту бойынша жаңа тиімді шешімдерді ұсынатын қызметкерлерді ынталандыру. Корпоративтік рухты және дәстүрлер сабақтастығын нығайту.

#### ЦЕЛЬ КОНКУРСА

Мотивация работников, предлагающих новые эффективные решения по улучшению производственных процессов, оптимизации затрат, повышению производственной безопасности, внедрению элементов бережливого производства, развитию внутрикорпоративных коммуникаций. Укрепление корпоративного духа и преемственности традиций.

#### ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобалар/шығармашылық жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланады: ұсынылған жұмыстардың байқау мақсаттарына сәйкестігі, материалдың жаңалығы және оны жеткізу форматы, тақырыпты баяндау тереңдігі.

#### КРИТЕРИИ ОТБОРА ПОБЕДИТЕЛЕЙ

Проекты/творческие работы оцениваются исходя из следующих критериев: соответствие предоставленных работ целям конкурса, новизна материала и формата его подачи, глубина изложения темы, доступность для восприятия.

## Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын

### «Мен – ембілікпін»

корпоративті байқауының басталғанын хабарлаймыз. Биыл бұл байқау Ембінің 100 жылдығына орай өтеді. Компанияның құндылықтары әдеттегідей байқау тақырыптарының негізгі арқауы болады.

## Уважаемые коллеги!

Объявляем о старте ежегодного корпоративного конкурса

### «Мен - ембілікпін!»

среди работников аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунагаз». В этом году он пройдет под эгидой 100-летия Эмбы. Ценности компании по традиции станут основой конкурсных тем.

### Байқау жұмыстары төмендегі тақырыптар бойынша 3 номинацияда қабылданады:

#### Ұжымым – екінші үйім!

(Корпоративті рух және ұжымның дәстүрлері)

#### Тағдырым менің - Ембімұнайгаз!

(Компания Сіздің өміріңізде қандай рөл атқарды?)

#### Менің тәлімгерім...

(Кәсіби өмірге жол сілтеген тәлімгеріңіз туралы)

Байқау жұмыстарын дайындауда стандартты емес тәсілдер мен заманауи форматтарды қолдануға болады!

### Конкурсные заявки принимаются по вышеизложенным темам в 3-х номинациях:

#### Мой коллектив – это мой второй дом!

(Корпоративный дух и традиции коллектива)

#### Судьба моя - Эмбаунагаз!

(Какую роль сыграла компания в моей жизни?)

#### Кто он-мой наставник?

(Рассказ о человеке, дававшему путевку в жизнь)

Приветствуются нестандартные подходы и современные форматы в подготовке конкурсных работ!

#### БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

Байқау жарияланған сәттен бастап 2022 жылғы 23 мамырға дейін.

#### БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

• Байқауға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппаратының және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлері қатыса алады. Жобалар/шығармашылық жұмыстар түрлі жанрларда қабылданады: презентация түрінде, мәтіндік форматта (эссе, өлеңдер, проза, көркемсурет), көрнекі мазмұн түрінде (бейнероликтер, вайндар, Tik Tok).

• Байқауға жұмыстар төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесі, Ш.Уәлиханов көшесі, 1, каб. №105 немесе ұйымдастыру бөлімі қызметкерлерінің электрондық пошталарына:

G.Karajanova@emg.kmgp.kz (телефон: 21-121, 99-34-21),  
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz (телефон: 21-309, 99-32-09),  
I.Satylganova@emg.kmgp.kz (21-166, 99-34-66).

• Байқау жеңімпаздарын компанияның топ-менеджерлері, кәсіподақ ұйымының және жауапты департаменттердің басшылығынан құралған құзыретті қазылар алқасы анықтайтын болады.

• Байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасы ағымдағы жылдың маусым айында өтеді.

• Байқау жеңімпаздарының жұмыстары «Ембімұнайгаз» АҚ «Ембі тынысы» корпоративтік газетінде, корпоративтік сайтында - [www.emba.kz](http://www.emba.kz), сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады

#### ПЕРИОД ПРИЕМА КОНКУРСНЫХ ЗАЯВОК

С момента объявления конкурса до 23 мая 2022 г.

#### УСЛОВИЯ КОНКУРСА

• К участию в конкурсе допускаются все работники аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунагаз». Проекты/творческие работы принимаются в различных жанрах: в виде презентаций, в текстовом формате (эссе, стихи, проза, художественные изображения), в виде визуального контента (видеоролики, вайны, Tik Tok).

• Конкурсные заявки принимаются по адресу: головной офис АО «Эмбаунагаз» по адресу: Валиханова 1, каб. №105, либо на электронные адреса сотрудников организационного отдела:

G.Karajanova@emg.kmgp.kz (телефон: 21-121, 99-34-21),  
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz (телефон: 21-309, 99-32-09),  
I.Satylganova@emg.kmgp.kz (21-166, 99-34-66).

• Победители конкурса будут определены компетентным жюри в составе топ-менеджеров компании, руководства профсоюзной организации и профильных департаментов.

• Награждение победителей конкурса состоится в июне текущего года.

• Имена победителей конкурса будут опубликованы в корпоративной газете АО «Эмбаунагаз» - «Ембі тынысы», на корпоративном сайте - [www.emba.kz](http://www.emba.kz), а также на официальных страницах компании в социальных сетях.

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН ДАЙЫНДАУДА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!

УДАЧИ В ПОДГОТОВКЕ КОНКУРСНЫХ МАТЕРИАЛОВ!



## Туризм



Соңғы уақыттарда жиі көтеріліп жүрген мәселенің бірі - ішкі туризмді дамыту. Бұл орайда ел ішінде ыңғайлы мекендер жетіп артылады. Тек, көре білу, бағалай білген жөн.



**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).

**WhatsApp: 8 771 002 68 95**

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz

**Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы**

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

**Ескерту:** Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.



# ЕМБІЛІКТЕР БОЗЖЫРА ШАТҚАЛЫНА ЭКСПЕДИЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Жалпы,

әр өңірдің өзіне тән ерекшелігі бар. Мәселен, еліміздің батыс өңірлеріндегі туризмге қолайлы жерлердің бірі көрші облыстағы – Бозжыра шатқалы.

Бозжыра шатқалының жұртшылық арасында кең тарап кеткен екінші атауы – Маңғыстаудың туристік «Меккесі». Сол себепті, Маңғыстау түбегіне барған әрбір адам алдымен Бозжыра шатқалына баруды міндетті санайды.

Жақында бір топ ембілік мамандар Бозжыраға арнайы атбасын бұрып, экспедиция ұйымдастырды. Ембіліктер жолға автокөліктерімен шығып, батыс өңірдің өзіне тән әдемі жерлерімен жүріп өтті.

- Автокөлік арқылы туристік мақсатта экспедицияға шыққандардың айтуынша осыдан сәл бұрын Бозжыраға жеткенше құмды, тасты жолдармен жүрулеріне тура келетін. Жолдың біраз бөлігі көлікке ыңғайсыз болған екен. Бүгінде Ақтау мен Атырау арасын жалғап жатқан асфальт жол төселіп, қатынас қиындығы артта қалды. Бозжыраға аппаратын жолдың 90 пайызы тегіс жол. Әрине, қандай ма болмасын жол жүрудің өзіндік қиындығы бар ғой. Діттіген жеріңе жеткен соң, сол жердің әсем табиғатын көрген соң, жолда шаршағыныңды тез ұмытасың, - дейді «Ембімұнайгаз» АҚ бас энергетигі Жәнібекбай Төлегенов.



Бозжыра шатқалына барып келгендердің айтуы бойынша, шатқал 200 метрлік биік колонналардан тұрады. Жұртшылық арасында бұл шатқалдар «азу тіс» аталып кеткен. Бозжыраға арнайы ат басын бұрып келе жатқандарға шатқалдың азу тістері алыстан менмұндалап көрінеді екен. Шатқалдың биігіне көтерілген ембіліктер биіктіктен айналасың табиғатын тамашалауға мүмкіндік алған.

- Бозжыра шатқалының айналасы жоғарыдан қарағанда аппақ болып, әдемі көрінеді. Биікке шығып айналасыңа күндіз қарасаңыз басқа көріністі байқайсыз, түнгі көрінісі тіпті ерекше. Ауа райы да құбылып тұрады екен. Күндіз ыстық, ал, түнде өте қатты салқын. Осының өзі бұл шатқалдың тамашалығы емес пе?!, - дейді мұнай және газ өндіру департаментінің директоры Таңат Сарсенов.

**Ембілік мамандар ішкі туризмді дамыта отырып, елге, жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруды жалғастырмақшы. Олардың келесі сапарлары Атырау облысындағы киелі мекендерге арналады.**

## Спортты қолдау

## БАТЫР БЕКЗАТҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы басшысы Ғибадолла Шанаев тек Атырау облысы ғана емес бүкіл қазақ жұртының абыройын асқақтатып, дүбірлі додадаларда ел намысын қорғап, көк байрағымызды желбіретіп жүрген жерлесіміз, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, халықаралық және республикалық жарыстардың жеңімпазы Бекзат Аманғалиды қабылдап, арнайы Алғыс хаты мен басқарма әкімшілігі атынан естелік сыйлықтарды табыстады.

19 жасында өңіріміздің спорт саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосып, салауатты өмір салтын

насихаттауда көпке үлгі болған жас дарынға мұнайшылар атынан құрмет көрсетілді.

Сонымен қатар, спортшының дүбірлі додадаларда топ жарып, жүлделі орын иеленуіне себепші болып жүрген жеке бапкері Нұрлан Әлжановқа чемпион ұлдарды тәрбиелеп жүргені үшін жүрек жарды жылы лебіздер арналды.

Олимпиадалық спорт түрі болып саналатын еркін күрестен 97 келі салмақта Азия чемпионатында жүлделі орын алу, бұл, әрине, өте үлкен жетістік болып табылады.

Кездесу барысында балуанға алдағы үлкен байрақты бәсекелерде биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріну тілектері айтылды.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Р.Тасмағамбетова** - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Қ.Қасымғалиев** - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

**Т.Сәрсенов** - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Қ.Қалидуллин** - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

**Ж.Мұқанғалиев** - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

**Ғ.Қаражанова** - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

**Ж.Дәуітов** - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.